





*«Ойын қызметі арқылы мектепке дейінгі
балалардың өзін-өзі тану қабілеттерін
дамыту»*



Өзін-өзі тану оқу қызметінде ойынның рөлі ерекше. Ойын-балалның өмірге қадам басардағы алғашқы қадамы. Балалның өмірінде ойын ерекше орын алады. Жас балалның өмірді танып, еңбекке деген қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын, үстінде қалыптасады. Ойында шындықтың көрінісі, оның образды сәулесі қылаң береді. Өмірдің әртүрлі құбылыстары мен үлкендердің әртүрлі әрекеттеріне еліктеу ойынға тән нәрсе. Ойын кезінде шартты түрде мақсаттар қойылады, ал сол мақсатқа жету жолындағы іс-әрекет бала үшін қызықты. Ойын балаларға ақыл-ой, адамгершілік эстетикалық тәрбие берудің маңызды тетігі деуге болады. Балалар ойын барысында өзін еркін сезінеді, іздемпаздық, тапқырлық әрекет байқатады. Балалның қуанышы мен реніші ойында анық байқалады.

Дидактикалық ойын «Жақсылық жасау үшін не істеу керек?»



Өзін-өзі тану ұйымдастырылған оқу қызметінде негізгі бөлімі-дидактикалық ойын. Баланың барлық қабілетінің, тілінің дамуына, айналасындағы дүние жайлы түсініктерінің кеңейуіне, құрбылармен жақындасуына көмектеседі. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып, жақсы ұғысады, бірінен-бірі сезімталдыққа, достыққа, ұйымшылдық пен ептілікті үйренеді.

Ойын үстінде бала өзін еркін ұстайды, ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы. Сондай-ақ ойын баланың болашақ өміріне есік ашып, оның ізденімпаздық, тапқырлық қабілетін оятады, жеке қасиеттерін қалыптастырады. Ойын кезінде бала айналадағы құбылысты өзінше түсініп, бейнелейді, өзінің күш-жігерін, сезімін білдіруге мүмкіндік тауып, айналадағы қоршаған ортамен қарым-қатынасын нығайтып, адамдардың күнделікті іс-әрекетіне көңіл бөліп, араласа алады.



оларды мейірімді, батыл, епті, елгезек, зейінді
болуға үйретеді. Жан-жақты дамытады және
тәрбиелейді.



Біз 2014ж бастап пилоттық білім беру
ұйымы болып таңдалып алғандықтан
бес Білім беру саласы бойынша
жүргізілетін ұйымдастырылған оқу
қызметіне өзін-өзі тану адамгершілік-
рухани бағдарламасы интеграциялап
жүргіземіз. Балалармен өткізетін
ойын тапсырмаларда
жалпыадамзаттық
құндылықтарының жеке
қасиеттерін бойына сіңіріп
тәрбиелейміз.



Сюжетті-рөлдік ойынның міндеті баланың қызығушылығын туғызып, сезімін оятып, рухани-адамгершілік қасиеттерін арттыру. Сонымен қатар өзара сыйластық, қамқорлық, жанашырлық құндылықтарын дамыта отырып, мейірбандылық, жасылық жасай білуге тәрбиелеу. Бұл құндылықтар бір күн де қалыптаса қалатын қасиет емес. Бұл балабақшадан бастау алып, өмір баспалдақтарында шындалып, біртіндеп қалыптасатын қасиет. Бастан кешірген табысты істері, қанағат сезідері балалардың бойында жаңа міндеттер мен мәселелерді шешуге талпыныстарын оятып, өз күштеріне сенуге, өзін-өзі сыйлауға тәрбиелейді. Осы ойындардың арқасында балалар өз істеріне баға бере білуге, өзінің сезімін, әдет-дағдысын бақылай және басқара білуге, сонымен қатар жанындағы адамдардың табиғи болмысын қабылдап, ізгі-ниет, ықылас таныта білуге үйретеді

*балалардың келешекте
демократиялық әлемнің
толыққанды азаматтары болып
қалыптасуы үшін ғана емес,
балалар қазірдің өзінде қоғам
азаматтары ретінде өз ойын
еркін айту құқығын бала кезден
пайдалана білуге дағдылануы
үшін қажет (Тони Бертрам)*







Қорыта айтқанда ойын мектеп жасына дейінгі балалардың ең басты іс-әрекеті болып табылады. Ойын арқылы балалар өмірді таниды, ойын оларды үлкен өмірге дайындайды. Сонымен қатар баланың өзін-өзі тану қабілетінің дамуында маңызы өте зор. Ойын мәнін балалық шақтан, есейген шаққа өтетін көпір ретінде сипаттауға болады. Ойын бала тілінің дамуына, өзін-өзі тануына ықпалын тигізіп, таным белсенділігін дамуына жол ашады. Бұдан әрі қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Баланың білуге деген, өзін-өзі тануы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады. Ойын барысында өзін қоршаған үлкендер сияқты, өзінің сүйікті әңгімелері мен кейіпкерлері сияқты өмір сүреді, әрекет жасайды.